

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

ӘОЖ 81'373.421

СИНОНИМ СӨЗДЕРДІҢ СТИЛЬДІК ТҰРҒЫДАН ҚАТЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Оркенқызы А.

ayaulymo37@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

1-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Қ.Қ.Саркенова

Синоним – екі не одан да көп сөздердің бір ұғымды аңғартуы. Синонимдер бір-бірінен мағыналық реңктерімен, эмоционалды-экспрессивті бояуымен, белгілі бір жанрға тән стильдік белгісімен, қолдану өзгешеліктерімен, басқа сөздермен мағыналық байланысымен ерекшеленеді [1]. Синонимдердің нақты қасиеті туралы да бірізді пікір жоқ: ғалымдардың бір тобы синонимдерді тек бір ұғымға қатысты сөздер десе, басқа тобы оның басты белгісі деп бір-бірін алмастыра алу мүмкіндігін айтады. Ал үшінші тобы мағыналық жақындықтың болуы жеткілікті деп көрсетеді [2]. Қалай алып қарасақ та, әр пікірдің астарында бір шындық жатыр.

Қазір синонимдерді тілде сауатты қолдана білудің маңызы жоғары. Оларды бейберекет бірінің орнына екіншісін жұмсай беруге де болмайды, себебі, жоғарыда айтқандай, синоним сөздер бір ұғымды әртүрлі жағынан танытады, яғни олардың бәрі бір-бірін толық алмастыра беретін вариант сөздер бола алмайды. Синонимдік қатардағы әр сөздің мағынасын терең түсіне білу ғана бүгінгі теледидар, газет, радио журналистерінің аузында жүрген стильдік қателердің біразын кемітуге септігін тигізеді. Синоним қолданып, біршама сөздерді алмастырудағы олардың басты мақсаты, байқағаным бойынша, біріншіден, тавтологиядан қашу, екіншіден, эстетикалық, эмоционалды-экспрессивтік тұрғыдан тыңдарман, оқырман, көрерменге күштірек әсер ету. Маңызды міндеттер қатарына осылар қосылып кетіп, мәтіннің, хабардың ішіндегі көптеген алмастырулар салдарынан стильдік тұрғыдағы қателердің белең алып бара жатқандығын көреміз. Бір өкініштісі, бұл қателер халық арасында да кеңінен тарап, қалыпты жағдай ретінде қабылданады.

Осындай синонимдерден болған стильдік қателердің біразы тавтологиядан қашу салдарынан кетеді дедік. Мысалы, «Үй іші түгел жұмыссыз отырған отбасыға мемлекет тарапынан әлі толыққанды көмек берілген жоқ» десек, «түгел» мен «толыққанды» деген синонимдерді байқаймыз. Автордың қайталаудан қашқаны белгілі. Алайда, «толыққанды» сөзінің «түгел» сөзін толық алмастыра алатындай қуаты жоқ екенін назардан тыс қалдырмаған жөн. Оның ең үлкен, басты себебі – «толыққанды» деген сөздің, шынында, калька болуы. Ол орыстың «полнокровный, полноценный» дегенінен шыққан тура аударма. Одан сорақысы, тавтология қаупі төнбей тұрған сөйлемдерде де «түгел» мен «толыққандының» жапсарласа қолданылуы. Мысалы, «...Облыс әкімі Райымбек ауданының әкімі Жолан Омаровқа тиісті органдармен бірлесіп, Нарынқолдағы көп қабатты тұрғын үйлерді түгел толыққанды зерделеп шығуды тапсырды» [3] - делінген ult.kz сайтының жариялаған жаңалығында «түгел» мен «толыққанды» бірге жүр. Мұндағы мақсат әкімнің тапсырмасының қаталдығын баса көрсетіп айту екені түсінікті, бірақ бұдан журналистің өзі стильдік жағынан қате сөз тіркесін қолдан жасап алғанын көреміз.

Ендігі кезекте бір-бірінен нендей айырмашылығы бар екеніне көптің назары аумай, әркім өз ұнағанына қарай қолданып жүрген синонимдерге келсек. Алдымен «сынды-секілді-сияқты-тәрізді» шылауларына тоқталайық. «Алматы сынды алып қаладағы электр жүйесін жекенің қолына беруге бола ма?!» [4] - деген Astana.tv арнасының жаңалығында «сынды» шылауы қала атымен тіркесіп айтылады, бірақ «сынды» шылауын тұлғаларға қатысты айтқан дұрысырақ. Одан басқа «әзірлеу-дайындау-пісіру» деген сөздер өзара мағыналас болады,

бірақ үшеуі бірігіп синонимдік қатар құрамайды. Бұған да сол калькалаудың кесірі тиген. «Әзірлеу» мен «дайындау» өзара синоним, бірақ бұлардың тамақты «пісіруге» еш қатысы жоқ. Қазақ тамақты қуырады, қақтайды, бұқтырады, үйітеді, қайнатады немесе бәрін бір сөзбен айтсақ, «пісіреді». Ал «тамақ әзірлеу/дайындау» деген орыстың «готовить еду» деген тіркесінің тікелей аудармасы. Тағы бір ара жігі ажыратылмай бара жатқан сөздер - «ақтық» пен «соңғы». Көбіне спорт журналистерінің финалды «ақтық мәре/бәсеке» дейтіні белгілі. Мысалы, kaz.nur сайтындағы «Ақтық мәре маусымның тоғызынан онына қараған түнде Нұр-Сұлтан уақыты бойынша 00:45 басталады» [5] - деген хабарламаны алсақ, бұл сөзімізге дәлел болады. Мұндағы стильдік қате – дұрысында «соңғы бәсеке» деуге болатын жерге өліммен байланысты ұғымды тіркестіріп қоюы. Спортшының өлер алдында көрсетіп жатқан соңғы ойны сияқты ойға қалдырады. Тура солай «тозған» мен «ескіргенді» кез келген жерде алмастыра беруге де болмайды, себебі «тозған» деп ауыл-аймақ, адам, материалды заттардан шүберек пен қағазға қатысты айта алатын болсақ, басқа дүниелерге мүлдем жарасымсыз боп тіркеседі. Мысалы, a1mak.com-ның жаңалықтарында «...LED шамдар қойылып, тозған тіректер толығымен ауыстырылып,...» [6] - деп келетін сөйлемде екі үлкен қате бар. Біріншіден, мен үшін журналистің неге «баған» сөзінің орнына «тірек»-ті қолданғаны түсініксіз. «Баған» мен «тіректің» мағына жағынан аз-маз ұқсастығы бары белгілі, бірақ айырмашылықтары жер мен көктей. Тіректің жоғары жағында оның үстінен басып, жаншып тұратын үлкен нәрсе болуы керек-ті, ал бағанға жарықтың ілініп тұратыны анық. Бұл да «столб» сөзін калькалау. Екіншіден, бағандар туралы айтқанда «ескірген» сөзін қолданған абзал. Синоним деген себепті пайдаланып, біраз сөздердің бірінің орнына бірі қолданылып жүргенін көрдік. Тағы бір кең тараған, көптің аузында жүрген дүниені қарастырайық. Бұл «орындау-жасау-атқару-істеу» синонимдік қатарына байланысты. Барлығын «жұмыс» сөзіне тіркеп, айта беру дұрыс сияқты көрінер, бірақ бұлардың да айырмашылықтары бар екенін білгеніміз дұрыс. 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігіне» жүгінсек, «атқаруды» бастан кешумен, борышпен, қарызбен, қызметпен қатысты деп көрсетеді [7]. «Жасау» етістігін байланыс, баяндама, дастарқан, қателік, қорытынды, қысым, шабуылмен тіркестіреді [8]. «Орындау»-ға тек жүзеге асыру мағынасында ғана түсінік берсе, «істеу» сөзіне тоқталмаған [9]. Енді өзіміз саралап, толықтырып көрсек: «жасау» - жасап шығару, ойлап табу, құрастыру. Сөздікте берілген мысалдар да соған бағыттайды; «атқару» - мойынға жүктелген жауапкершілікті межесіне жеткізіп орындау; «орындау»-дың түбірінің «орын» болуы да тегін емес деп білемін, сондықтан оны белгілі бір істі сол тұрған орнына, уақытына лайықтап істеу дер едім. Осы логикамен қарасақ, «жұмыс орындау» деген де келетін сияқты (үй жұмысын орындау). Мысалы, ән орындау, күй орындау деп айтып жатамыз. Ал енді өзіміз «жұмыспен» жарасқаны дұрыс деп тауып отырған «істеуге» келейік. Жұмыс - дерексіз дүние, процесс. Сол процесстің жүруі - жұмыстың істелінуі. Олай болса, «жұмыс істеу» деген тіркес дұрыс боп шығады.

Сөз мағынасын жете түсіне қоймауға халықты өзіміз баулитындаймыз. Мектептерде балалар жаттап жүрген тапқақтар ішінде де осындай қателер жетіп артылады. Тіпті бір-біріне синоним емес сөздерді де байланыстырып қоятындары бар. Мысалы, тәуелсіздік мерекесіне арнайы айтылатын өлеңдерден мына бір мысалды алсақ: «Тәуба, тәуба, / Тәуелсіздік таңы атты. / Қуандырып барша момын қазақты...» [10] дейді. «Тәуба»-ны тек иманына келумен байланыстырып, «тәубасына келу/түсу» деп айта аламыз. Ал бұл жерде «шүкір» сөзін қолданған орынды.

Калькалап, қолдан жасап алған синонимдік қате қатарларды әрі қарай анықтайық. Қазақ баласына «ат қойған», «есім беру» деген болмаған. «Ат қоюға» 15 томдық сөздік «есім беру» деген анықтама беріпті, бірақ астында көркем шығармалардан келтірген мысалдарының ешқайсысында «есім беру» деген жоқ. Мысалы, «Мырзатай дауыстады: - Жолдастар! Балама ат қойып беріңдер» (Б. Майлин, Шығ), «Молдалар оның атын Әзім қойды» (Абай), «Кішкене Құрмаш Көксерек деп ат қойды» (М. Әуезов). «Есім берудің» «ат қоюға» синоним бола алмайтын себебі оның «дать имя» деген тіркестің тура аудармасы болуынан. «Үлкен рақмет» пен «үлкен сәлем» де соның кебін киіп отыр. «Большое спасибо»

мен «большой привет» дегеннің орнына «көп рақмет», «дұғай сәлем» десек, үлкеннің көппен синоним болмайтынын көреміз.

Жаңалық жүргізушілері «биыл» сөзіне жақсы, тың балама деп «үстіміздегі жыл» деп айтатынды шығарды. Бұлай болса, «биыл», яғни «бұл жыл» деген сөзге «үстіміздегі жылдың» синоним болмайтынын айтуымыз керек. Егер үстімізде жыл болса, онда шартты түрде астымызда, оң қапталымыз бен сол қапталымызда да жыл болуы керек. Сондықтан, бұл тіркес «биылға» синоним емес, стильдік қате. Бұны мүлдем қолданыстан шығарып тастаған абзал болар.

Қорыта келе айтарым, тіпті сөздіктер ішінде де сөздердің жұмсалыуына, бір-бірін алмастыруына байланысты ала-құлалық көп. Синоним деп алмастыра берген сөздер тіліміздегі сөздердің мағыналарды өзгертіп жібереді. Оның кесірі ертең қазақ тілін үйренуші шетелдіктерге көп тиетіні анық. Әр мағынаның нақты қандай сөзбен тіркесе алатындығын айқындасақ, тіліміз біраз реттеліп, жүйеленіп қалады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Сарекенова Қ.Қ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы: оқулық. – 2-бас. – Алматы: Эверо, 2014. – 43 б.
2. Серғалиев М.С. Стилистика негіздері: оқулық. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. – 165 б.
3. <https://ult.kz/post/rayymbek-audanynda-zhas-mamandarga-109-turgyn-uy-salynyp-zhatyr>
4. <https://astanatv.kz/kz/news/8426/>
5. <https://kaz.nur.kz/sport/1798229-lttar-ligasy-portugalia-men-gollandia-finalda-kezdsetin-boldy/>
6. <https://aimak.com.kz/?p=19054>
7. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 2-том: А - Б /құрастырушылар: Ғ. Қалиев, С. Бизақов, О. Нақысбеков және т.б.; - Алматы: Тіл білімі институты, 2011. – 104, 110 б.
8. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 6-том: Ж - Ж /құрастырушылар: Ж. Коңыратбаева, Ғ. Қалиев, Қ. Есенова және т.б. – Алматы: Тіл білімі институты, 2011. – 159 б.
9. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 12-том: О - С /құрастырушылар: А. Үдербаев, О. Нақысбеков, Қ. Күдерінова және т.б. – Алматы: Тіл білімі институты, 2011. – 24 б.
10. <https://bilimainasy.kz/%d1%88%d0%b8%d1%80%d0%b5%d0%ba%d2%93%d0%b0%d1%81%d1%8b%d1%80%d1%82%d0%be%d0%b9%d1%8b%d0%bd%d0%b0%d0%b0%d1%80%d0%bd%d0%b0%d1%83/>

ӘОЖ 81`42

ҒЫЛЫМИ МӘТІНДЕГІ КӘСІБИ СӨЗДЕРДІҢ ЖАЛПЫ СИПАТЫ

Серикова М.С.

moldir.serikovas01@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
1-курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ж.Қ. Өмірбекова

Мәтін – өзіндік ерекшеліктерге, заңдылықтарға ие аса күрделі семантикалық-құрылымдық жүйе. Сол арқылы түгел тілдік бірліктер іске қосылатындықтан, ол ерекше күрделі тілдік таңбаға жатады. Соған сәйкес мәтінді талдау мен мәтінді тану, оның түзілімі мен құрылымын саралау, мәтінжасам барысындағы тілдік бірліктердің қызметін анықтау өзекті мәселе.